

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ»




«BATYS INTELLCT» жобасы

Орал – 2025 жыл

Мазмұны

1. Төлқұжаты
2. Кіріспе
3. Жалпы ереже
4. Жобаны жүзеге асыру кезеңдері

I. Жобаның төлқұжаты

Жобаның аталымы	«Математикалық клуб» жобасы
Жобаның мақсаты	Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіре отырып, білім сапасын жоғары нәтижелерге қол жеткізу.
Жобаның міндеттері	-Математика пәнін тереңдетіп оқытып, олимпиадаға дайындау; -Математикалық сауаттылығын арттыру; -Білім сапасын көтеру
Күтілетін нәтиже	 Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру;  Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру;  Шығармашылық байқаулар мен олимпиадаларға қатыстыру, теориялық білімін жетілдіру;
Жобаның жүзеге асырылу мерзімі	2025-2027
Жобаға қатысушылар	Математика пән мұғалімдері
Жобаны іске асырушы фокус топ мүшелері	М.Өтемісұлы ат БҚУ аға оқытушылары; «ZERDELI» ақыл-ой дамыту орталығының ұстаздары; Нұр-Сұлтан қаласы «Білім» орталығының ұстаздары
Жоба жұмысының нәтижесі	Қиындығы жоғары есептердің шығару жолын үйренеді; Пән олимпиадалары, ғылыми жобалар мен интеллектуалдық байқауларға қатыстырады.

II. Кіріспе

Математика пәнін терең меңгертіп шығару - бүгінгі күн талабы. Білім алушыларға математика пәнін талапқа сай оқыту педагогтерге үлкен жауапкершіліктер артады. Нәтижесінде біздің педагогтеріміздің өзіндік кәсіби білімдері мен біліктіліктерін дамытуға жан-жақты ізденісті қажет етеді.

Осы орайда педагог тәжірибесін жаңартып, өзгеріс енгізу және жаңа көзқарастағы оқыту теориясының мәнін түсінуге ұмтылыс жасау керек.

«Batys intellect» жобасының бағдарламасы бойынша курстарды өткізу барысында педагогтердің біліктілігін арттыру, тәжірибелі ұстаздармен бірлесе отырып, озық тәжірибелерді ұсыну, білім алушыларға білім беруде, математикалық сайыстарға дайындауда бағыт-бағдарлар беру.

Сонымен қатар осы жоба аясында тұлғаның дамуына әсер ететін танымдық, әлеуметтік және эмоциялық салаларға басты назар аударылды.

Жоба кәсіби білімдегі жаңашылдықты одан әрі ізгілендіру, педагогтердің әдістемелік құзыреттілігін дамыту, математиканы оқытуда білім сапасының артуына, оқушылардың саналы іс-әрекетпен дербес, белсенді жұмыс атқаруына, шығармашылық байқаулар мен олимпиадаларда жетістікке жетуіне септігін тигізеді.

III. Жалпы ереже

«Batys intellect» жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 85-тармағына сәйкес «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында математика пәнінен білім беретін мұғалімдердің кәсіби, әдістемелік біліктілігін арттыру нәтижесінде математиканы оқыту сапасын жақсартып отырып, білім алушылардың математикалық біліктілігі мен математикалық құзыреттілігін талапқа сай дәрежеге жеткізуге бағытталған.

Жобаның мақсаты:

Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіре отырып, білім сапасын жоғары нәтижелерге қол жеткізу.

Жобаның міндеті:

- Математика пәнін тереңдетіп оқытып, олимпиадаға дайындау;
- Математикалық сауаттылығын арттыру;
- Білім сапасын көтеру

Жобаның ұйымдастыру бөлімі:

Жоба Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығымен әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеуі арқылы жүзеге асырылады.

Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығы Жобаны үйлестіруші-ұйымдастырушы болып табылады. Жоба жұмысының тиімділігін және білім беру ұйымдарының, мектеп ұжымының жобадағы жұмысқа дайындығын зерттейді, нәтижесін талдайды, бағалайды.

Жобаны іске асыру тетігі: 2025-2027 жылдар аралығы